

BURAN BOILER

НҰСҚАУЛЫҒЫ
ЖӘНЕ
ТӨЛҚҰЖАТ

ИНСТРУКЦИЯ
ПОЛЬЗОВАТЕЛЯ
И ПАСПОРТ

- BB-150GA
- BB-200GA
- BB-300GA
- BB-400GA



ГАЗ ТӘРІЗДІ ОТЫНМЕН
ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН
АВТОМАТТЫ
СУЖЫЛЫТҚЫШ ҚАЗАНДЫҚ

КОТЕЛ ВОДОГРЕЙНЫЙ
АВТОМАТИЗИРОВАННЫЙ
НА ГАЗООБРАЗНОМ
ТОПЛИВЕ

«Буран Бойлер» фирмасы шығарған бойлерін сатып алғаныңыз үшін алғыс айтамыз

МАЗМҰНЫ

1 Техникалық сипаттамасы	4
1.1 Қолданылуы	4
2. Техникалық сипаттамалар	4
2.1 Бойлердің құрылғысы	5
2.1.2 Жанарғы және оның құрылысы	5
2.1.3 Бойлерді басқару панелі	6
2.1.4 Дистанционды басқару пульті	6
3. Бойлерді монтаждау	7
4. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	9
4.1 Бойлерді пайдалануға дайындау	9
4.1.1 Отын	9
4.1.2 Бойлерді қосу	9
4.2 Бойлерді пайдалану	10
4.2.1 Бойлерді пайдалану кезінде нені ойға алу керек	10
4.3 Бойлердің күтімі	11
4.3.1 Күнделікті күтім	11
4.3.2 Бойлерді тазалау	11
4.3.3 Оттықты тазалау	12
4.3.4 Сақтандырғыш жинақтың жұмысын тексеру	12
5. Ақауларды анықтау және жою	13
6. Кепілдемелік міндеттемеле	16
7. Кепілдеме талоны	21
8. Бойлердің электр қосылыстарының сұлбасы	22
Бойлердің төлқұжаты	23

1.ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

1.1 ҚОЛДАНЫЛУЫ

Газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін сужылытқыш автоматты қазандық (әрі қарай мәтін бойынша-бойлер) өнеркәсіптік және азаматтық нысандарды автономды жылытуға және ыстық сумен қамтамасыз етуге арналған.

Бойлер осы өнім түріне қойылатын ең жоғары өртке қарсы, санитарлық және экологиялық талаптарды қанағаттандыратын күрделі техникалық бұйым болып табылады.

Отын ретінде газды жылу техникалық деректермен қолдану мүмкіндігі Сервис орталығының мамандарымен ғана беріледі.

Осы нұсқаулықты ұқыпты оқи отырып, онда мазмұндалған пайдалану ережелерін сақтаңыз. Бұл оның ұзақ уақыт үздіксіз және қауіпсіз пайдаланылуына маңызды дәрежеде кепілдік береді.

Ескерту: өндіруші өнімді жақсарту мақсатында пайдаланушыға хабарламай техникалық сипаттамаларға өзгерістер енгізуге құқылы.

2.ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Бойлер моделі/ техникалық сипаттамалар	КВа 20 Гн (ВВ 150 GA)	КВа 23 Гн (ВВ 200 GA)	КВа 35Гн (ВВ 300 GA)	КВа 47 Гн (ВВ 400 GA)
Жылыту өнімділігі, кВт(ккал/сағ)* • отын бойынша • сонымен қоса ГВС бойынша	17,4 (15000) 16,3 (14000)	23,0 (20000) 21,0 (18000)	35,0 (30000) 32,5 (28000)	47,0 (40000) 43,0 (37000)
Отынның жылулық қабілеті және отын түрі	1) Өндірістік және тұрмыстық мақсаттағы жанғыш табиғи газ, ГОСТ 5542-2014 2) Тұрмыстық мақсаттағы сұйытылған көмірсутекті отын газы, ГОСТ 20448-2018 (газ резервуары болған кезде); **Сұйытылған газды қолданған кезде – оттықтың жеткізінділігі, арнайы бұйрықпен жүзеге асырылады Ескерту! Баллондарда сұйытылған газды пайдалануға тыйым салынады!			
ПӘК	90			
Шығатын газ температурасы, °С	220 дейін			
Жылытқыш	Су МСТ 2874-82,антифриз МСТ 28084-89			
Ең жоғары жұмыс қысымы, кгс/см ²	3,5			
Қазандықтың шығысында жылытқыштың ең жоғары температурасы, °С	85			
Ең жоғарғы аэродинамикалық қарсылығы, ең жоғары қуаттылығы, мбар	0,7	0,7	0,7	0,9
Ең жоғарғы гидравликалық қарсылығы, ең жоғары қуаттылығы, мбар	10	10	10	15
ГВС бойынша өнімділігі, л/мин, при Δt =35°С	10	10	12	13
Форсунка бойынша **жанарғы құрылғысымен газды ең көп пайдалану, нм ³ /час	1,93	2,57	3,85	5,1
Газдың берілу қысымы су бағанасының мм. / mbar	150 ÷ 250 / 15 ÷ 25			
Электр желісінің параметрлері	220±10%В		50±0,5%Гц	
Электр желі бойынша ең көп шығын, Вт	165	175	195	195
Габаритті мөлшері, мм	377x580 x899(h)	390x580 x899	440x640 x899	500x720 x950
Салмақ,кг	70	96	108	128
Жалғаулар Ду, мм	Жылыту бойынша	25	25	32
	ГВС бойынша	15	15	15
Газжолының диаметрі, мм	76	76	76	108
Суқыздырғыш қазандықтың көлемі, л	30	30	40	45

Бойлер моделі/ техникалық сипаттамалар	КВа 20 Гн (ВВ 150 GA)	КВа 23 Гн (ВВ 200 GA)	КВа 35Гн (ВВ 300 GA)	КВа 47 Гн (ВВ 400 GA)
Құрғақ араласпаған жану өнімдерінде көміртек тотығының үлестік тасталымды, мг/м ³ , (ГОСТ 20548-93) көп емес			120	
Құрғақ араласпаған жану өнімдерінде азот оксидінің үлестік тасталымды, мг/м ³ , (ГОСТ 20548-93) көп емес			240	

* қазандықтың жылу шығаруы таңдап алу кезінде ГВС және жылыту бойынша талап етілген мәндерінен кем болмауы тиіс.


** газдың шығыны табиғи газдың жылу шығару мүмкіншілігі = 8000 ккал/нм³, нм³ метр.куб мөлшері осы талап орындалған кезде алынған: қысым 760 мм сынап бағанасына тең және температурасы = 20°С, ылғалдылық 0.

2.1 БОЙЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛҒЫСЫ

Бойлердің (1 сур.) құрамы:


1. қазандықтың корпусы
2. жанарғы құрылғысы;
3. басқару панелі;
4. декоративті денесі

- дистанционды басқару пульті 2.1.4т.қараңыз



1-сурет

2.1.2 ЖАНАРҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОРНАТУ




1. Газ қысымын реттеушісі
2. Иондау электроды
3. Тұтандырғыш құрылғы
4. Ауа қысымының релесі
5. Электр қозғалтқыш және желдеткіш корпусы
6. Ауа шығынын реттеуші

2-сурет. Жанарғы құрылғысының сыртқы түрі

Жанарғы басқару панеліндегі 220 V электр кернеуін жібергеннен кейін іске қосылады. Осыған байланысты алғашқы 15-20 секунд бойы үрлеуді жүзеге асыратын (жарылудан қорғау үшін) желдеткіш қосылады. Үрлеу процесінен кейін газ автоматты тұтанады (егер жанарғы құрылымындағы барлық қауіпсіздік шаралары сақталатын болса). Берілетін ауа мен газ көлемінің қатынасын дұрыс реттелген жағдайда газ толығымен жанады. Қазандықтағы су берілген температураға жеткен кезде жанарғы автоматты түрде сөндіріледі. Судың температурасы (3-50С) төмендеген жағдайда жанарғы автоматты түрде қосылады. Жалынның бақылануын жанарғының фотодатчигі жүзеге асырады. Жанарғыда электр энергияның және газдың берілуінен оның толығымен сөндірілуіне дейінгі жанарғының барлық жұмыстарын автоматты түрде бақылауға мүмкіндік беретін әртүрлі қауіпсіздік шаралары қарастырылғандығын есте сақтау керек.

2.1.3 БОЙЛЕРДІ БАСҚАРУ ПАНЕЛІ




1. Қыздыру жүйесіндегі жылу тасымалдағыштың қыздыру температурасының реттеушісі
2. Бойлердің электр қоректендіргішін ВКЛ/ON, ВЫКЛ/OFF түймесі.
3. Электр қоректендіргіштің қосылу индикаторы ПИТАНИЕ (қуат көзі) (RESET) (жасыл). Жанып тұр – бойлер қо-

сылған, жанбайды – бойлер сөндірілген.

4. Жанарғының жұмыс индикаторы «ГОРЕЛКА» (жанарғы) (жасыл). Жанарғының жұмыс істеп тұрғандығын растайды.
5. Отынның жану индикаторы «ГОРЕНИЕ» (жану) (жасыл). Отын жандыру камера-сында жануын және жылу тасымалдағыштың қыздыруын растайды.
6. «НАСОС» (сорғы) айналдыру сорғысының жұмыс индикаторы (жасыл). Айналдыру сорғысының жұмысын, жылыту жүйесі бойынша жылу тасымалдағыш айналысын растайды.
7. «ПЕРЕГРЕВ» (артық қызу) бойлер корпусының қыздыру индикаторы (қызыл). Температура реттегішімен жылу тасымалдағыштың температурасын ең төменгі мәнге қойыңыз. Бойлердің электр қоректендіргіш түймесін сөндіріп, қайта қосыңыз. Бұл жағдайда қайталанатын болса, 5т. қараңыз.
8. «УРОВЕНЬ ВОДЫ» (судың деңгейі) жылыту жүйесінде судың жетіспейтіндігін ескертетін индикатор. Жылыту жүйесінің сіңіру қабілетін және/немесе жылыту жүйесінен ауаны шығару керектігін көрсетеді.
9. «АВАРИЯ» бойлердің кенет тоқтағандығын ескертетін индикатор (қызыл). Отынның қалыпты берілуінің бұзылғандығын немесе жанарғыда немесе бойлерде қандай да бір ақаудың болғандығын білдіреді. Бойлердің электр қоректендіргіш түймесін сөндіріп, қайта қосыңыз. Бұл жағдайда қайталанатын болса, 5т. қараңыз.
10. Бойлердегі жылу тасымалдағыш температурасының С° индикаторы.

2.1.4 ДИСТАНЦИОНДЫ БАСҚАРУ ПУЛЬТІ

Дистанционды басқару пульті кез келген бөлмеде, пайдаланушыға ыңғайлы кез келген жерде бойлерді пайдаланудың қажетті тәртіптерін(режимдерін) белгілеуге қол-



4-сурет

данылады.

Дистанционды басқару пульті бар бойлердің топтамасы тапсырысшының таңдауы бойынша жинақталады.

1. Температура индикаторы °C Бөлмедегі ауаның температурасын немесе сіздің қалаған ауаның температурасын көрсетеді (5-түймені қосқанда).
2. Бойлердің үздіксіз жұмыс тәртібін қосу түймесі. Бұл режимде бойлер басқару панеліндегі температура реттегішімен берілген тек қана жылу тасымалдағыштың температурасын ғана, бөлмедегі ауаның температурасы бойынша, бақылайды.
3. Бойлер жұмысын еруден сақтау тәртібіне қосу түймесі, жылыту жүйесінде жылу тасымалдағыштың температурасын +50C-ден +400C-ге дейін қамтамасыз етеді. Бұл тәртіп салқын мезгілде үй иелері үйде ұзақ уақыт болмаған жағдайда қолданылады. Бұл тәртіпті электр энергияның тұрақты сөнуінде қолдануға болмайды.
4. Ыстық сумен қамтамасыз ету тәртібін қосу түймесі. Бұл тәртіпте бойлер ыстық сумен қамтамасыз ету үшін жұмыс істейді, ал қалған тәртіптер сөндіріледі.
5. Бөлмеде берілген температура бойынша жылыту тәртібін қосу түймесі.
6. «Время» (Уақыт) тәртібін қосу түймесі. Сізбен 8- реттегішпен таңдап алынған уақыт аралығымен 15 минут бойы бойлердің автоматты қосылу тәртібін белгілейді.
7. (°C) Жылытылатын бөлмеде ауаның қажетті температурасын реттеуші. Шамамен +50C-ден +400C-ге дейінгі температураны қамтамасыз етеді. Қажетті температураны 5-түймені қосқан кезде орнатылады.
8. «Время» Уақыт тәртібіне бойлерді қосу аралығын реттеуші. Реттеуішпен белгіленген уақыт интервалдары арқылы, 15 минут уақыт аралығына бойлердің автоматты қосылу тәртібін белгілейді (6- түймесін қосқанда).
9. Қазандық жұмысының индикаторы (жасыл). Қазандықтың жұмысын растайды.
10. Бойлердің кенет тоқтағандығын ескертетін индикатор (қызыл). Отынның жоқтығын, бойлердің артық қызғандығын, жылыту жүйесінде су көлемінің жеткіліксіздігін немесе бойлерде қандай да бір ақаудың болғандығын білдіреді.

3. БОЙЛЕРДІ МОНТАЖДАУ

3.1 БОЙЛЕРДІҢ БІРІНШІ ІСКЕ ҚОСУЫН ДҰРЫС ОРЫНДАУ ҮШІН КӨМЕКШІ ЖАБДЫҚПЕН БОЙЛЕРДІ БЕКІТУ БОЙЫНША ҚАЖЕТТІ ТАЛАПТАР ТІЗІМІ

- 1) Бойлер таза және желдетілетін бөлмеде құрылуы керек. Ауа кіргіш және ауа тартқыш вентиляция 0,02 м² кем болмау керек.
- 2) Бойлерді жылыту жүйесі мен ыстық су жабдығына қосу үшін таратқыш құбырға дейінгі құбырлардың диаметрі қазанның қосқыш түтікшелердің диаметрінен кем емес және сөндіргіш арматурасы (шүмектер, тетіктер, жапқыштар, т. с. с.) болу керек.
- 3) Жылыту жүйесінің төменгі жерінде жылыту жүйесінен және бойлерден суды шығару үшін сусіңгіш шүмек орнатылу тиіс.
- 4) Жылыту жүйесінің контурындағы екі үстіңгі түтікшенің кез келгенінде сөндіргіш арматурасыз авариялы жинағыш орнатылу тиіс.

- 5) Газжолдың диаметрі шығару түтікшенің диаметрінен кем емес және профилактикалық және жөндеу жұмыстарын істеу үшін бөлшектенетін ернеметкі байланыстары бар болу тиіс.
- 6) Бойлердің жағу камерасына конденсат өтуінің алдын алу үшін, газжолдың горизонталды учаскесінің бойлерден түтін мұржасына қарай теріс бұрыш келбеуі 3° кем емес болу керек.
- 7) Газжолдың горизонталды учаскесінің ұзындығы
 - қуаты 45 кВт-қа дейін бойлерлер үшін 2м-ден көп емес
 - қуаты 45 кВт-танартық бойлерлер үшін қазандық газжолының шығару түтікшесінің осінен вертикалды учаскесіне дейін 3,5м-ден көп емес болу керек.
- 8) Газжолдың вертикалды учаскесінің астыңғы жағында конденсатты құйып тастау және газжолды тазалау үшін ағызатын бұқтырмасы бар стақан және люк, және де газжолдың горизонталды учаскесінде қопарғыш клапан болу тиіс.
- 9) Бір ортақ газжолына қосылатын екі және одан да көп қазандарды орнату кезде, әр қазанның газжолына шиберлерді орнату керек. Ортақ газжолда қазанның пайдаланылған газ ағымдарының бөлетін қалқанын қарастыру керек, оның ұзындығы газжолдың бес диаметрінен кем болмауы керек.
- 10) Айналмалы сорғылар өндіруші фирманың құрастыру бойынша ұсынымдарына сәйкес құрылу және тиекті арматурасы болу тиіс.
- 11) Газ жанарғылары үшін газды жеткізу құбырының диаметрі жанарғыдағы бәсеңдеткіштің жалғаулы диаметрінен кем болмау керек.
- 12) Газды жеткізу құбырында жанарғы алдында міндетті түрде сөндіргіш шүмек орнатылу тиіс.
- 13) Электр желісіндегі кернеудің нормативтен тыс босалқы өзгерістерінен қазанды қорғау үшін қорғағыш-сөндіргіш құрылғысы немесе кернеу тұрақтандырғышы орнатылу керек.
- 14) Бойлер мен газжолды міндетті түрде жерге тұйықтау керек.
- 15) Қазанның электр желісіне қосылған орнында жерге тұйықталған контактісімен розетка болу керек және ол орын қазанның желілік электр сымы ұзындығының шегінде орналасуы тиіс.
- 16) Кез келген қуатты үш фазалы және қуаты 1 кВт-тан жоғары бір фазалы электр жабдығы үшін іске қосуды реттеуші аппаратураның (жүргізгіштер, түйістіргілер, реле т.с.с.) қондырғысы керек, есептік сипаттамаларымен.
- 17) Бойлерді іске қосу үшін нысанда міндетті түрде электр қуаты, отын және құнарлы су болу керек. Жылыту жүйесі сумен толтырылған, жуылған және престелген болу тиіс.
- 18) Бойлерді іске қосу бойынша жұмыстарды орындау алдында, Сатып алушы баптаушыға сатып алынған жабдыққа паспорт және ол жұмыстарды істегені үшін төлеген фактісін дәлелдейтін жүкқұжат көрсету керек.
- 19) Бойлерді іске қосу бойынша жұмыстардың құнына бойлерді қабылдау, іске қосу және Кепілдемелік қызмет көрсетуге қою үшін баптаушының екіден көп емес тегін жолға шығуы кіреді. Егер баптаушының осы барған мерзімінің ішінде сатып алушы жоғарыда көрсетілген тараулардың орындалуын қамтамасыз етпеген болса, одан кейінгі баптаушының барлық барғаны сатып алушы, белгіленген бағаларға сәйкес, бір жолғы барғанын қосымша төлегеннен кейін жүзеге асырылады.

3.2 Ұсынылған қазандықты орнату схемасы, сондай-ақбайланыс және ЫСЖ контурын орнатумен коаксиалды түтін схемасы ЖШС «Буран Бойлер» компаниясының сайтында www.buran.kz

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Бойлерді орнатқан соң тексерілу қажет:

- Бөлменің желдетілуі
- Бойлердің және сыртқы түтін құбырының жерлендірілуі
- Бойлер орнатылған негіздің беріктігі, жанбайтындығы.
- Сақтағыш жинақтың бар болуы
- бойлердің және құбырдың қатуын және конденсаттың түзілуін болдырмайтын, олардың оқшаулануы.

- Бойлер мен түгін құбырының жерлендірілуі.
- Электр қосылыстарының орнықтылығы, олардың «Электр қондырғыларды орнату ережелері» (ЭОЕ) талаптарына сәйкестігі

4. ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

4.1 БОЙЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

4.1.1 ОТЫН

Газтәрізді отын ретінде жұмыс қысымымен және жанарғының төлқұжаттық деректерін қанағаттандыратын құнарлылықпен табиғи көмірсутекті газ қолданылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: сұйытылған газбен жұмыс істегенде, тұрмыстық газ плиталарына арналған баллондарды (пропан баллондары 25-50 л) пайдалануға рұқсат берілмейді. Сұйытылған газды пайдалану үшін, тек газ қызметтерінің талаптарына сәйкес келетін сертификатталған газ ыдысын және газды реттеу жабдығын пайдаланыңыз.

4.1.2 БОЙЛЕРДІ ҚОСУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қазанды қосумен және іске қосылумен байланыстырылған барлық жұмыстар (іске қосу-баптау жұмыстары) келесіге рұқсаттары (рұқсаттамалары) бар Буран Бойлер сервистік орталығымен немесе оның уәкілетті аймақтық өкілімен немесе уәкілетті органдарының ұйымымен немесе тұлғасымен орындалу қажет:

1. Қауіпті өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындау бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздіктің талаптары;
2. 1000Вт дейінгі кернеуі бар электр қондырғыларында жұмыс істей нормаларын және ережелерін білу (рұқсаттаманың II және III топтары);
3. Өрт қауіпсіздігі бойынша өрт-техникалық минимум көлеміндегі білімі;
4. Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік талаптары.

«Буран Бойлер» ЖШС КЕПІЛДІГІ ҚАЗАНҒА БЕРІЛМЕЙДІ.

4.1.3 Қазанды қосу алдында келесіні тексеру қажет:

- Қазан және жылыту жүйесі судың жеткілікті мөлшерімен толтырылды.
- Жылыту жүйесіндегі ауасы ауа жинағыштары және Маевский шүмектері арқылы кетірілді.
- Кеңейткіш бакта судың жеткілікті мөлшері бар (егер бак атмосфералық болса), егер бак еска бак жарғақшалық болса – ауаның артық қысымы Буран Бойлер Сервистік қызметінің немесе оның уәкілетті аймақтық өкілінің қызметкерімен анықталады.
- Сақтандырғыш құрастырым орнатылды және тиісті түрде жұмыс істейді (4.3.3-тармағын қараңыз).
- Қазан және сыртқытүгін құбыры жерлендіріледі. Газ құбырларына, жылыту жүйесіне және электр сымына жерлендіруге болмайды.
- Қазанның жұмысы үшін электр желісінің розеткасында 220В + 10%, 50Гц +0,5Гц параметрлері бар электр энергиясының бар болуы.
- Қазандық жақсы желдетіледі, барлық өртке қарсы талаптарына сәйкес келеді.
- Құбыр қосылыстарында, оттықтың құрылымында газ кемудің болмауы.
- Газ құбырыныңоттығы алдындағы газдың қысым жұмыс қысымына сәйкес келеді және құбыр қосылыстарында газ кемудің болмауы.

Пайдаланушы осы нұсқаулықтың 3-бөлімінің талаптарын орындағаннан кейін қазанды пайдалана алады.

4.1.4 Бойлерді келесі кезектілікпен қосу ұсынылады:

Бойлерді басқару панелінде орнатыңыз:

- Температура реттегішін (1) бойлердегі судың қажет температурасын

- Жанарғы қысымын реттегенге дейін және кейін газ қысымын тексеріңіз
- Бойлердің желілік ашасынқосыңыз
- Бойлердің басқару панелінде желі ажыратқышын «ВКЛ/ОН» қосу, осыған байланысты «ПИТАНИЕ» (қуат көзі) индикаторы жануы тиіс.
- Қысқы мезгілде, қашықтан басқару пультіндегі жылу ауысу , ал жазда - ыстық су режимін орнатыңыз (2.1.4 т.қараңыз.).
- Қысқы мезгілде ыстық суды пайдаланғанда ыстық су температурасы жеткіліксіз болған жағдайда, қашықтан басқару пультінде ыстық сумен жабдықтау түймесін қосыңыз (2.1.4т қараңыз.).
- Жанарғының желдеткіші жұмыс істей бастағанына және 15-30 секунд бойы бойлердегі жану камерасын үрлеу процесіне көз жеткізіңіз. Айналыру сорғысы біруақытта қосылуы мүмкін, бұл жағдайда «НАСОС» (сорғы) индикаторы жанады.
- Бойлердің жану камерасына газдың келіп түскеніне және қазандық бөлмесінде мақтасыз және жану өнімдерінің лақтырындысыз оның тұтанғандығына көз жеткізіңіз.Осы кезде «ГОРЕНИЕ» (жану) индикаторы жанады. Бұл жағдайда Жану индикаторы жанады. Егер газ тұтанбаса, онда «АВАРИЯ» индикаторы жанады. Бұл жағдайда бойлерді басқару панеліндегі желілік сөндіргіш арқылы сөндіріп, қайта қосыңыз.
- Егер бойлер қайта қосылмаса, 5-бөлімнің №8-себебін қараңыз.
- Тұтандырудан кейін тұрақты жану үдерісіне жету үшін газ және ауа беруді реттеу қажет (іске қосу-баптау жұмыстары Буран Бойлер сервистік орталығының немесе оның уәкілетті аймақтық өкілінің маманымен реттеледі).

4.2 БОЙЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

4.2.1 БОЙЛЕРДІ ПАЙДАЛАНҒАНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК

- «Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелері» талаптарын қатаң сақтау керек.
- Қазандық бөлмесін әрдайым желдету керек.
- Әр күн сайын сақтандырғыш жинақтың дұрыстығын тексеріңіз (4.3.3 т.қараңыз)
- Қазандық бөлмесін және бойлерді таза күтіп-ұстаңыз.
- Бойлердің жанында жанғыш материалдарды сақтамаңыз.
- Түтін газдары таза, түссіз болу қажет. Кері жағдайда 5-бөлімін, №10 белгісін қараңыз
- Найзағай кезінде бойлерді желіден ажыратыңыз.
- Жазатайым оқиғаларға ұшырамас үшін жұмыс істеп тұрған бойлерді қарауда және реттеуде сақ болыңыз. Жоғары температурасы бар газ жолына жақындамаңыз.
- Өндіруші-компания мамандарының рұқсатынсыз қолданыстағы отынмен қамтамасыз ету, жылумен қамтамасыз ету, автоматика, қорғау және тағы басқа сұлбаларға өзгерістер енгізуге тыйым салынады.
- Тазарту үшін оттық бөлшектеуі Буран Бойлер сервистік орталығымен немесе оның уәкілетті аймақтық өкілімен орындалу қажет.
- Жылыту жүйесіне және сіңіру үшін қолданылатын судың сапасы «Булы және суқыздырғыш қазандарының құрылғысына өнеркәсіптік қауіпсіздік және пайдалану талаптарына» сәйкес қанағаттандыру тиіс. Жылытудың нобайында қаспақтың түзілуін алдын алу үшін полифосфат мөлшерлілігін орнату ұсынылады. ГВС жүйесінде ауыз суды МСТ 2874-82 талаптарына сәйкес пайдалануға болады. Сіңіруге қолданылатын судың көлемі СНЖЕ 4.02.-2004 «Жылу желілері» көрсетілген нормалардан асып кетпеу керек

4.3 БОЙЛЕРГЕ КҮТІМ ЖАСАУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қазанға тиісті түрде күтім көрсету отынның артық шығынын болдырмауға жағдай жасайды, өртқауіпті жағдайларды алып тастайды және қазанды пайдалану мерзімін ұзартады. Қазанға күтім көрсету үшін маусымдық техникалық

қызмет көрсету бойынша Буран Бойлер сервистік орталығына немесе оның уәкілетті аймақтық өкілдеріне жүгіну қажет.


Қазанға қызмет көрсету бойынша барлық әрекеттер білікті персоналмен орындалу қажет.

4.3.1 КҮНДЕЛІКТІ КҮТІМ

- Жабдықты іске қосар алдында бөлмені желдетуді ұмытпаңыз.
- Бойлердің жанында жанғыш материалдарды сақтамаңыз.
- Бойлерді таза ұстау керек. Әрдайым жабдықтан шаң-тозаңды сүртіп отырыңыз.
- Әрдайым отын құбыр жолдары, сүзгі корпустары қосылыстарының, жанарғыдағы, құбырдағы және бойлер корпусындағы қосылыстардың саңылаусыздығын тексеріңіз.
- Газ құбыржолынан шығатын газдың түрін, газ жанған кезінде қара күйелердің түзілуін тексеріңіз.
- Жанарғы жұмыс істеп тұрғандағы жалынның түсін тексеріңіз.
- Жандыру камерасының қаптамасын тексеріңіз.

4.3.2 БОЙЛЕРДІ ТАЗАЛАУ

Қазанның ішінде күйенің жиналуы қазанның қызмет ету мерзімін қысқартады және отын шығыны арттырады. Сондықтан жылыту кезеңі алдында **жыл ішінде кем дегенде бір рет** қазанның ішкі бөліктерін тазарту қажет.



4-сурет

Ол үшін төмендегі жағдайларды орындау керек:

- Газ бен электрдің берілуін тоқтату
- Қазандық бөлмесін желдету
- Жанарғыны шешіп, тазарту
- Газжолының алмалы бөлігін ажырату
- Бойлер қаптамасының жоғарғы бөлігін алу (4-сурет, 1,3поз.)
- Ұшқын бәсеңдеткіштің қақпағын алу (2поз.)
- Ұшқын бәсеңдеткіш пен газиргішті алып, тазалау (5поз.)
- Газ жолын (пеш құбырларын) тазалау (6 поз.)
- Жандыру камерасының мойыны арқылы бойлер пешінен күйені тазалау (4поз.).

Қазанды мезгілді тазарту үшін Буран Бойлер сервистік орталығының немесе оның уәкілетті аймақтық өкілінің қызметтерін пайдалану қажет.


4.3.3 ОТТЫҚТЫ ТАЗАЛАУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Оттықтың мерзімді қызмет көрсетуін (қыздырғыш, электродтар және т.б.) міндетті түрде білікті мамандармен жүргізіледі.

Оттыққа (оттық бастиегіне, электродтарға және т.б.) мерзімді қызмет көрсетуі жылыту кезеңі алдында жыл ішінде бір рет Буран Бойлер сервистік орталығының немесе оның уәкілетті аймақтық өкілінің персоналымен орындалу қажет.

Оттыққа қызмет көрсетілгеннен кейін отын жанудың оңтайлы параметрлерін анықтау үшін жану өнімдерін талдау қажет.

4.3.4 САҚТАНДЫРҒЫШ ЖИНАҚТЫҢ ЖҰМЫСЫН ТЕКСЕРУ



5-сурет

- 1-манометр
- 2-сақтандырғыш клапан
- 3-автоматты ауа ығыстырғыш
- 4-сақтағыш кішкене қалпақ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! сақтандырғыш клапанның кенеттен жұмыс жасай бастаған кезде жарақаттануды болдырмау үшін, оның шығару түтікшесі дренаж желімен байланысқан болу тиіс.

- Сақтандырғыш жинақтағы түйіндердің визуалды бақылауды өткізу.
- Сақтағыш клапанды тілге қарай тартып, шешіңіз(4)
- сақтағыш клапанның тұтқасын (2) сағат тіліне кері оған төн келетін шертпеге дейін бұрып жіберіңіз, осы кезде манометр тілі қысымның төмендеуін көрсетуге (солға қарай ауытқу) тиіс
- Егер қысым төмендемеген болса, сақтағыш клапанды ауыстыру қажет
- Сақтағыш клапанды бастапқы орынға киіңіз (4)
- Атмосфералы кеңейту бағы бар жылыту жүйесіне қосылған қазандықтарда сақтандырғыш жинақтың тексеруін сервисті қызметтің қызметкері маусымды жұмыстарды орындаған кезде немесе қазандықтың Иеленушісі аттестатталған зертханада, жылына 1 реттен сирек емес, өткізу керек

5. АҚАУЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақау себебі	Себебі	Жою шаралары
1	2	3
1. Бойлерді қосқан кезде оның басқару панелінде шамдар жанбайды.	1.1 Электр энергияның жоқтығы	Электр энергиясының берілуін тексеріңіз және күтіңіз.
2. Электр энергиясы берілді, қорғау құрылғысы желіге қосылды. Электрден қорғау құрылғысында шамдар жанбайды	2.1 Электрден қорғау құрылғысы істен шығуы немесе розеткада контактының болмауы	Тексеріңіз және қажет болса Электрден қорғау құрылғысын ауыстыру.
3. Электр энергиясы берілді, қорғау құрылғысы желіге қосылды. Электрден қорғау құрылғысында қызыл немесе сары шамдар (немесе бірауқытта) жанып тұр	3.1 Желідегі кернеулердің нормаларға сай еместігі (190В-260 В)	Тексеріп, қалыпты кернеу берілгенше күтіңіз. Желіде кернеулердің жиі ауытқуында тұрақтандырғыш орнату керек.
4. Электр энергиясы берілді, қорғау құрылғысы желіге қосылды. Электрден қорғау құрылғысында жасыл шам жанып тұр. Бойлердің басқару панелінде шамдар жанбайды.	4.1 Электрден қорғау құрылғысының розеткасында контактының болмауы	Тексеріңіз және ақауды жойыңыз.
	4.2.Бойлер сақтандырғышының жануы.	Тексеріңіз және қажет болса, сақтандырғышты ауыстырыңыз.
5. Электр тәнергиясы берілді, «ПИТАНИЕ» индикаторы жанып тұр, авариялық индикаторлар жанбайды, бірақ бойлер жұмыс істемейді	5.1 Бөлмеде температура дистанционды басқару пультінде белгіленген мәннен жоғары.	Бойлер қалыпты жұмыс істейді. Егер бұл қажет болса, дистанционды басқару пультінде бөл-медегі температурадан жоғары ауаның температурасын жою, немесе ауаның температурасы төмендегенше күтіңіз.
	5.2 Бойлердегі судың температурасы белгіленген деңгейге жеткендігі.	Бойлер қалыпты жұмыс істейді. Егер бөлме салқын болса, бойлердің алдыңғы панеліндегі термореттеуішпен бой-лердегі температураны көтеріңіз.
	5.3 Дистанционды басқару пультінде ыстық сумен қамтамасыз ету режимінің қосылуы	Егер Сізге жылу қажет болса, дистанционды басқару пультіндегі 2 немесе 5 түймесімен жылыту тәртібін қосыңыз.
6. «УРОВЕНЬ ВОДЫ» (судың деңгейі) индикаторы жанып тұр	6.1 Жылыту жүйесіне артық судың толуы	Ағуды тоқтатыңыз, жылыту жүйесін сумен толтырыңыз және жылыту жүйесінен ауаны шығарыңыз. Жылыту жүйесінің магистральды құбыржолына берілетін бойлердің шығыс түтікшесін қосу сұлбасын өзгертіңіз.

Ақау себебі	Себебі	Жою шаралары
1	2	3
6. «УРОВЕНЬ ВОДЫ» (судың деңгейі) индикаторы жанып тұр	6.2 Жылыту жүйесіне жалғанатын бойлердің шығыс түтікшесі магистральды құбыржолынан жоғары орнатылуы. Бұл жағдайда қазандықтың жоғарғы бөлігінде ауаның жиналуы – ауа тығынының пайда болуы.	Ағуды тоқтатыңыз, жылыту жүйесін сумен толтырыңыз және жылыту жүйесінен ауаны шығарыңыз. Жылыту жүйесінің магистральды құбыржолына берілетін бойлердің шығыс түтікшесін қосу сұлбасын өзгертіңіз.
	6.3 Сымдарды датчикке бекіту қосылыстарының орнында контактының нашарлауы	Тексеріп, ақаулығын жойыңыз.
7. «ПЕРЕГРЕВ» (артық қызу) индикаторы жанады.	7.1 Қазандықтың артық қызуы	Температураны ең төменгі термореттеуішіне қойыңыз, 10-15 минут күтіңіз. Қазандықтағы артық қызу түймесін басыңыз және бойлерді қайта қосыңыз.
	7.2 Электр қосылысының датчикке жалғанған бекіту сымдарында контактының нашарлауы.	Тексеріп, ақаулығын жойыңыз
8. «АВАРИЯ» индикаторы жанады. Бойлерді қосқанда үрлеу басталады, бірақ қосылмайды немесе қосылады да, бірден сөнеді, кейде қатты соққымен сөнеді.	8.1 Газдың болмауы	Газдың болуын тексеріңіз
	8.2 Отын түрінің тәлқұжаттық деректерге сай келмеуі	Отын түрін Сервис орталығымен келісіңіз.
	8.3 Қазандық ішіндегі газжолында күйенің түзілуі	Газжолын және газиірімдерін тазалаңыз
	8.4 Электр желідегі кернеудің рауалы параметрлерге сәйкес еместігі (190-240 В)	Желіден бойлерді ажыратып, кернеудің қалпына келуін күтіңіз немесе тұрақтандырғыш орнатыңыз
	8.5 Электр қозғалтқыштың сынуы	Сервис орталығымен хабарласыңыз
9. Жанарғы жалынын тұтандыру кезінде жану камерасында қатты соққы естіледі.	9.1 газжолы ұзындығы мен диаметрінің бойлерге белгіленген нормаларға сай еместігі	Газжолының құрылымын Сервис орталығымен келісіңіз.
	9.2 газжолының ластануы	Газжолын тазалаңыз.
	9.3 Бойлердің жолдары мен газиірімдерінде күйенің түзілуі.	Бойлердің жанарғысы мен газиірімдерін тазалаңыз.
	9.4 отынның және ауаның дұрыс реттелмеуі	отын мен ауаның берілуін реттеңіз.*
10. Газжолының құбырынан қара немесе қара-сұр түгін шығады. Жану камерасында күйе түзіліп жатыр.	10.1 отынның және ауаның дұрыс реттелмеуі.	Отын мен ауаның берілуін реттеңіз. Іске қосу режимін тексеріңіз.* Жанарғыны тазалаңыз.*

Ақау себебі	Себебі	Жою шаралары
1	2	3
10. Газжолының құбырынан қара немесе қара-сұр түтін шығады. Жану камерасында күйе түзіліп жатыр.	10.2 Бойлер жанарғысының ластануы 10.3 Қолданылатын отынның ұсынылған нормаларға сай еместігі.	Сервис орталығымен қолданылатын отын түрін келісіңіз.
11. Айналмалы сорғы шуылдайды , сипаттамалы соққы естіледі.	11.1 сорғының қалақтарына бөтен заттың түсуі (қабыршақ, металл және тағы басқалар) 11.2 Қалақтар қалақшаларға кедергі болуы мүмкін	Бойлердің желілік шнурын электр тоғынан ажыратыңыз. Сорғыны бөлшектеп, сорғының қалағынан бөтен затты алып тастаңыз. Аталмыш операцияны орындау мүмкін болмаса, 12.2 т ұсыныстарын орындаңыз. Қалағын түзетіңіз
12. Айналмалы сорғы жұмыс істемейді. Жылыту жүйесінің беру құбыржолы ыстық. Кері құбыржолы суық	12.1. Ыстық сумен қамтамасыз ету тәртібі қосылған. Жылыту жүйесі бойынша айналымы жоқ.	Егер Сізге жылу қажет болса, дистанционды басқару пультіндегі 2 немесе 5 түймесімен жылыту режимін қосыңыз және температура реттегішіне сәйкес бөлмеде дистанционды пульттегі 7 немесе бойлердің басқару панеліндегі 1 бойлердегі су температурасының реттегішімен қажет температураны орнатыңыз.
13. Бойлерді ажыратқан кезде бойлердің жану камерасындағы жалын бірнеше уақыт жанады. Бойлердің жұмыс кезінде газжолынан түтін шығады. Бойлерде газ иісінің пайда болуы мүмкін.	13.1 Отын жүретін жолдың ластануы. 13.2 Отын бойынша бөлек клапан жанарғыда отынның берілуін толығымен жаппауы.	Отын сүзгісін, тұндырғышты, сорғыны тазалаңыз. Отын берілетін құбырды және ауа шығынын реттеңіз. Желіден бойлерді ажыратыңыз, отын жүретін құбырды жауып, Сервис орталығымен хабарласыңыз.
14. Бойлерді қосқанда металл сықыры және соққы естіледі.	14.1 Ауа жіберетін желдеткіштің қалағындағы тоқтатқыш бұранданың босауы. 14.2 Ауа жіберетін желдеткіштің қалағына бөтен заттың кіруі	Желдеткішті алып, қалағын қатайту.* Желдеткішті алып, бөтен затты алып тастау*
15. Жанарғы қалыпты жұмыс істейді. Отынның жұмсалуды паспорт деректерінен ерекшеленеді.	15.1 Отын берілісінің бұзылуы.	Отынның берілуін реттеңіз.*

Ақау себебі	Себебі	Жою шаралары
1	2	3
15. Жанарғы қалыпты жұмыс істейді. Отынның жұмсалуды паспорт деректерінен ерекшеленеді.	15.2 Қолданыстағы жылыту жүйесінің құрылымдық кемшіліктерінің болуы: қыздырғыш аспаптардың және құбыржолдарының дұрыс есептелмеуі	Жылудың жоғалуын есептеу, аспаптар мен құбыржолдарын таңдаумен гидравликалық есеп жүргізу, жылыту жүйесіне тығынды және реттеуші арматураны салу. Есептерде жылытылмайтын бөлмелерді, ескі пен терезелердің тығызсыздығы салдарынан сыртқы ауаның кіруін, әйнекті қалқалардың болуын, қақпалардың, жиі ашылатын есіктердің болуын ескеру. Есептер негізінде қолданыстағы жылыту жүйесін қайта құрастыру, жылумен оқшаулауды жақсарту. Қажет болса, бойлерді ауыстыру. Ғимараттың жылу жоғалтуын есептеу. Жылуды жоғалту есептері бойлердің номиналды өнімділігінен 2-3 пайыздан артық болмау керек.
16. Қазандықтан ағу (жарықшақтың, тесіктердің пайда болуы)	16.1 Судың қаттылығы рауалы мәннен жоғары, жылыту сұлбасында қазандықты қайнаудан қорғау жүйесінің болмауы, монтаждау сұлбасы монтаждауға қойылатын технологиялық талаптарды қанағаттандырмауы	Монтаждау сұлбасын өзгерту, химиялық сумен тазалауды, жұмсартқышты, жылумен алмастырғышты және тағы басқаларды пайдалану.

* Аталмыш операцияларды орындай алмаған жағдайда Сервис орталығымен хабарласыңыз.

6. КЕПІЛДЕМЕЛІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

6.1 КЕПІЛДЕМЕ БЕРУДІҢ ШАРТТАРЫ

Дайындаушы компания, жинақтауға байланысты, сатылған сәтінен бастап бұйымға (қазандыққа) келесі кепілдікті береді:

а) Кепілдіктің 1 санаты, (қазандықты оттық құрылғымен жинақтауда толық сатып алған жағдайда) оның ішінде:

- қазандық бойынша кепілдік - 24 күнтізбелік ай (оттық құрылғысыз)
 - оттық құрылғы және қашықтан басқару пультіндегі кепілі - 12 күнтізбелік ай.
- б) Екінші санатты Кепілдік- (оттық құрылғымен жинақталмаған қазандықты сатып алғанда), (оттық құрылғысыз) қазандыққа кепілдік қоса алғанда - 12 күнтізбелік ай. Іске қосу-баптау жұмыстарды (іске қосу) және қазандықтың өндіруші немесе оның уәкілетті өкілімен техникалық қызмет көрсету, қазандықтың құнына енгізілмейді және Сатып алушымен өндіруші Компаниясының немесе оның уәкілетті өкілінің қолданыстағы тарифтері бойынша төленеді.

ЕСКЕРТУ! Қазандыққа мынадай жағдайларда өндірушінің кепілдігі берілмейді немесе үзіледі:

- іске қосу-баптау жұмыстарды (іске қосу) «Буран Бойлер» компаниясының авторизациясы берілмеген ұйымымен қызмет көрсетілген; 18 БУРАН БОЙЛЕР СУ ЖЫЛЫТАТЫН БОЛАТТЫ ҚАЗАНДЫҚТАР
- қазандық сыйыспайтын қыздырғыштар құрылғысымен жабдықталған;
- осы нұсқаулықтың 4.3-тармақта аталатын қазандықтың қызмет мерзімдері мен шарттарын орындағалмаған жағдайда;
- осы нұсқаулықтың және Қазақстан Республикасының қолданыстағы пайдалану туралы нұсқаулықтардың басқа бұзушылықтары

Оның ішінде:

Ақау немесе басқа зақым мынадай себептер бойынша пайда болған жағдайда:

- Сатып алушының, үшінші тараптар, табиғи ,техногендік сипатының кінәсі бойынша;
- қазандықты дұрыс сақтамау, тасымалдау, орнату, пайдалану (іске қосу), техникалық қызмет көрсету салдарынан;
- 4.3. т. көрсетілген қазандық қызмет көрсету мерзімдерін бұзу жағдайда;
- сапасыз отынның пайдалануы;
- қазандықта қақты қалыптастыру қорғанышы болмаған кезде;
- тоқ кернеуінің тербелістері нәтижесінде;
- өндіруші-Компанияның келісімінсіз қазандық құрылымына, оның конверсиялау, бөлшектерді немесе тораптарды өзгерту, қайта жабдықтауға өзгерістер енгізген жағдайда;
- кепілдік мерзімінде түпнұсқалы емес қосалқы бөлшектер немесе керек-жарақтарды пайдалану, отын жүйесіне ауаның кіруіне, кернеу, су қысымы, газ қысымы техникалық параметрлеріне қазандық паспорт деректеріне сәйкессіздіктерге байланысты;
- егер дұрыс таңдаламаған , орнатылған қазандықтағы клапан (клапандар) немесе олар болмаған жағдайда;
- егер дұрыс таңдаламаған, дұрыс жұмыс істемейтін қазандықтың(қазандықтардың) қоректендіру судың ХСТ немесе ол болмаған жағдайда;
- егер жылутасығаштың жылу кеңейтулерді және гидросоққыларды өтеу үшін орнатылған кеңейту шаны(шандар) дұрыс таңдалмаған немесе ол болмаған жағдайда;
- қазандық корпусына тақтадағы зауыттық нөмірдің болмағаны, ол да өндіруші-Компанияның оның уәкілетті өкілімен кепілдік міндеттерден босатылады;
- ЭҚЖЕ «Электр қондырғыларын жобалау ережелері» және «Қысыммен жұмыс істейтін жабдықты пайдаланудың өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелері» талаптарын бұзу салдарынан.

Төменде көрсетілген қазандықтың бөліктері мен шығыс материалдарды ауыстыру қазандық қалыпты қызмет көрсету операциялары немесе профилактика кезінде кепілдік қолданылмайды:

- отын фильтрлері;
- сақтандырғыштар.

Өндіруші- Зауыттың немесе оның уәкілетті өкілінің кепілдік міндеттемелеріне күндізгі тәртібін сақтау бойынша операциялар, қазандықтың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, және де профилактикалық және маусымдық қызмет көрсету, соның ішінде:

- отын фильтрлерді жуу және ауыстыру;
- отын жүйесінен ауаны жою;
- паспорттық деректерге кернеудің, су қысымының, газ қысымының сәйкес келмейтін техникалық параметрлерін жою.

6.2 КЕПІЛДІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ТӘРТІБІ

Өндіруші- Зауыттың немесе оның уәкілетті өкілімен қазандықтың кепілдігі, іске қосу-баптау жұмыстары орындалу акті мен паспорт, және оның қосымшасы: Өндіруші-Компанияның ұйымның авторизациялау күәлігі мен қазандықты пайдалану кезіндегі техникалық қызмет көрсету актілері болған жағдайда беріледі.

Кепілдік мерзімдегі қазандықтың ақау немесе бұзылғандығы туралы мәселемен Сатып алушы, іске қосу-баптау жұмыстарын орындаған және пайдалануға берген уәкілетті өкіліне, ал ол жоқ болғанда Өндіруші-Компанияның Сервистік қызмет көрсету центріне жолығу керек: -**БУРАН БОЙЛЕР СУ ЖЫЛЫТАТЫН БОЛАТТЫ ҚАЗАНДЫҚТАР 19**

Өндіруші-Компанияның Сервистік қызмет көрсету центрін мекен-жайы:

050061, Алматы қ, Көкорай көш, 22 үй, «Буран Бойлер»ЖШС Сервистік қызмет көрсету бөлімі.

Тел. 8 (727) 278-97-68/60, ішкі нөмірлер тел. 301, 323, 306, 302

Факс 8 (727) 278-97-64, E-mail : service@buran.kz

6.2.1. Қазандықтың бөліктері мен тораптарының жасырын және визуалды ақауларды тіркеу мақсатында Өндіруші-Компаниямен немесе оның уәкілетті өкілімен модельді, орнату жерін, тексерудің уақыты, монтаждық жұмыстардың дұрыстығын, қазандықты бірінші рет іске қосуын орындаған ұйымның аталуын, тексеру кезіндегі анықталған ақаулар мен бұзушылықтардың сипаттауы мен тізбесін сипаттайтын тексеру Акті жасайды.

6.2.2. Өндіруші-Компаниямен немесе оның уәкілетті өкілімен тексеру Акті қазандық орнатылған жерде, немесе Өндіруші-Компанияның немесе оның уәкілетті өкілінің аймағында жасалады.

6.2.3. Өндіруші-Компаниямен немесе оның уәкілетті өкілі қазандықтың бұзылған бөлігін немесе торапты өз мекен жайға жіберу немесе өз маманын ақауды немесе бұзушылықты анықтау үшін қазандықты орнату жерге, Акті жасау үшін, Сатып алушыдан өтінішті қабылдаған кезден 5 жұмыс күнінен аспай, жіберу қажеттілігін анықтайды.

6.2.4. Қазандықтың бұзылған бөлігін немесе торапты Өндіруші-Компания немесе оның уәкілетті өкілінің мекенжайына жіберу туралы шешім қабылданса, оны Сатып алушы өз есебінен жеткізеді, бұзушылықты тексеру және анықтау Өндіруші-Компания немесе оның уәкілетті өкілінің мекенжайында жүргізіледі.

6.2.5 Өндіруші-Компанияның немесе оның уәкілетті өкілі шешімі бойынша, тексеру және ақауларды анықтау үшін қазандықтың орнату орнына Сатып алушыға маманды жіберуді төмендегінің есебінен өткізіледі:

- 6.1.т.орындалған жағдайда, Өндіруші-Компанияның немесе оның уәкілетті өкілімен.

6.2.6 Өндірушінің немесе оның уәкілетті өкілі аумағында, немесе қазандықтың орнату жерінде қазандықтың ақаулықтарын тексеру кезінде Сатып алушының өзі, немесе оның өкілі қатысуы тиіс. Кері жағдайда Акт Сатып алушының қатысуынсыз жүзеге асырылады, зерттеу нәтижелері екі жақпен танылып, қазандықтың ақаулықтары немесе бұзылғандықтары себептерін анықтау үшін негіз болып табылады.

6.2.7 Тексеру барысында ол қазандықтың ақау немесе ақаулық Сатып алушының кінә бар, бұл табылған болса, сатып алушы өндірушіге немесе кету, сараптама, себептерін анықтау және қазандықтың ақау немесе дұрыс жұмыс істемеуіне жоюға байланысты барлық шығындарды, оның уәкілетті өкілін өтеу міндетті.

6.2.8 Егер сараптама жүргізу кезінде анықталған зауыттық брак салдарынан ақаулар немесе бұзылғандықтар пайда болса, өндіруші-Компания немесе оның уәкілетті өкілі ақаулар немесе бұзылғандықтарды өз қаражаты есебінен жояды және Сатып алушыға қазандықтың бұзылған бөліктер немесе тораптарды өндіруші-Компанияның мекенжайына жеткізуге байланысты шығындарды өтейді.

6.2.9 Сатып алушының басқа шығындарды немесе жоғалған пайданы өтеу қарастырылмайды.

6.2.10 Қазандыққа маусымдық техникалық қызмет көрсету жұмыстары, кепілдік берілген уақыттағы қызмет көрсету жұмыстарына қатысы жоқ және оған қазандықтың иесі қосымша төлейді. Қазандыққа маусымдық техникалық қызмет көрсетуді, өндірушінің өкілі немесе оның уәкілетті аймақтық өкілі ғана жүзеге асырады.

7. КЕПІЛДЕМЕ ТАЛОНЫ

Дайындаушы компания, жинақтауға байланысты, сатылған сәтінен бастап бұйымға (қазандыққа) келесі кепілдікті береді:

а) Кепілдіктің 1 санаты, (қазандықты оттық құрылғымен жинақтауда толық сатып алған жағдайда) оның ішінде:

- қазандық бойынша кепілдік - 24 күнтізбелік ай (оттық құрылғысыз)
- оттық құрылғы және қашықтан басқару пультіндегі кепілі - 12 күнтізбелік ай.

б) Екінші санатты Кепілдік- (оттық құрылғымен жинақталмаған қазандықты сатып алғанда), (оттық құрылғысыз) қазандыққа кепілдік қоса алғанда - 12 күнтізбелік ай.

Екінші санат кепілдігі қазандықты өндіру компаниясымен келісілген, сәйкес келетін үйлесімді оттық құрылғысымен жинақталған жағдайда жарамды.

Сатып алушымен осы «Пайдаланушының нұсқаулары мен төлқұжатта» келтірілген бойлерді орнату (құрастыру), пайдалану, қамтамасыз ету және бірінші іске қосу ережелері сақталған жағдайда Бірінші санаттағы және екінші санатты Кепілдік қазандық сатып алған кезден бастап, беріледі.

«Пайдаланушының нұсқаулары мен төлқұжатының» 6 т. көрсетілген бойлерге Кепілдеме берудің шарттары мен ретімен Сатып алушы танысты және келіседі.

Жабдықтың моделі

Зауыттық нөмірі

Сату күні

Сатып алушы

Сатушының қолы Сатып алушының қолы

М.О.

ҚҰРМЕТТІ САТЫП АЛУШЫ!

Пайдалануға енгізуге бойлерді дұрыс іске қосу үшін Өндіруші компания Сізді баяндайды:

1. Берілген «Пайдаланушының нұсқауларымен төлқұжатқа» сәйкес, бойлердің орнатуы мен құрастыруын «Бойлердің бірінші іске қосуын дұрыс орындау үшін көмекші жабдықпен бойлерді бекіту бойынша қажетті талаптар тізімінің» 7т. толық орындауымен жүзеге асыру қажет.
2. Өндіруші компанияға немесе оның өкілетті аймақтық өкіліне қоңырау шалып, іске қосу-баптау жұмыстарына тапсырыс беру қажет.

Іске қосу-баптау жұмыстарының құны бойлердің құнына кірмейді де, қолданыстағы бағалар бойынша бөлек төленеді.

Орындалған іске қосу-баптау жұмыстарының Актісіне қол қойған уақыттан бастап, сіздің бойлер тегін Кепілдемелік қызмет көрсетуге қойылады. Бойлерге Кепілдемелік қызмет көрсету бойынша оның қондырылған орнына бару Өндіруші компанияның немесе оның өкілетті аймақтық өкілінің есебіне орындалады.

Егер Өндіруші компаниядан немесе оның өкілетті аймақтық өкілінен орындалған іске қосу-баптау жұмыстарының Актісі болмаса, Кепілдемелік қызмет көрсету бойынша бойлердің қондырылған орнына бару Сатып алушының есебіне орындалады.

Бойлерге Кепілдемелік қызмет сатылған уақытынан бастап Кепілдеме мерзімі біткеніне дейін көрсетіледі.

✂️.....✂️.....✂️.....✂️
Кесу сызығы Кесу сызығы Кесу сызығы

Жыртылатын ТАЛОН


**Бірінші іске қосуды дұрыс орындауға бойлердің дайындығы
Сатып алушының нұсқаулығы**

«.....» 20..... ж.

1. Көмекші жабдықпен бойлерді бекіту бойынша құрастыру жұмыстары «Пайдаланушының нұсқауларымен төлқұжатының» 7т. көрсетілген «Бойлердің бірінші іске қосуын дұрыс орындау үшін көмекші жабдықпен бойлерді бекіту бойынша қажетті талаптар тізіміне» сәйкес толық орындалуы қажет.
2. бойлері іске қосу-баптау жұмыстарын орындауына рұқсат берілген.
3. Сатып алушымен бойлерді орнату, пайдалану және қызмет көрсету ережелерін сақтау туралы нұсқаулық жүргізілді.

Баптаушының қолы Сатып алушының қолы
(аты- жөні, қолы) (аты- жөні, қолы)

8. БОЙЛЕРДІҢ ЭЛЕКТР ҚОСЫЛЫСТАРЫНЫҢ СҰЛБАСЫ



Жазбалар үшін

A series of horizontal dashed lines provided for writing.

СУ ҚЫЗДЫРҒЫШ БОЙЛЕРДІҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Бойлерді басқа тұлғаға берген жағдайда бойлермен бірге осы төлқұжат табыс етіледі.

1. ЖАСАЛУЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Қазандық жасалған:

«Буран Бойлер» ЖШС

ҚР, Алматы қаласы, Көкорай көш., 22 үй

тел.: 278-97-61/63, факс 278-97-64

E-mail: buran@buran.kz

1.1 Жалпы мәліметтер

Шығарылған жылы, айы	
Зауыттық нөмірі	
Түрі (моделі)	КВа- (ВВ)
Қолданылуы	Ыстық сумен қамтамасыз ету және жылыту үшін
Отын түрі	Табиғи газ
Судың максимум температурасы, С°	
Жылу өнімділігі, кВт	
Суқыздырғыш қазандықтың көлемі, л	

1.2 Жеткізу комплектісі

Атауы	Саны	Техникалық сипаттамасы
Қазандық	1	СТ 70755-1910-ЖШС-10-2018
Құжатнама:	1	
• Қолданушының нұсқаулығы мен төлқұжат	1	
• Іске қосу, пайдалану және қызмет көрсету туралы басшылығы	1	

1.3 Өлшеу, басқару, сигнализация, реттеу және автоматтық қорғау үшін негізгі аппаратура жайлы мәліметтер*

Атауы	Саны	Түрі (маркасы)**	МСТ немесе ТУ
Басқару панелі, оған қоса:	1		Оңтүстік Кореяда шығарылған
Электронды контроллер	1	UK сериясы	«
Термометр (опция)	1		«
Температура датчигі	1		«
Артық қызу датчигі	1		«
Судың төмен деңгейінің датчигі	1		«

* Қазан мен аппаратура жеткізілген кезде Жасап шығарушы толтырады. Басқа жағдайларда қазанның иесі толтырады.

** Аппаратураның типі (маркасы) өзгеруі мүмкін.

ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ КҮӘЛІК

Сужылытқыш болатты қазандық КВа - (ВВ

зауыттық нөмірі

СТ 70755-1910-ЖШС-10-2018 талаптарына сәйкес жасалған және пайдалануға жарамды деп қабылданған.

Өндіріс бойынша Директоры

ТББ бастығы

«.....»..... 20 ж.

М.О.

2.ОРНАТУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

2.1 Қазандықтың орналасқан жері туралы мәліметтері

Кәсіпорын атауы мен мекен-жайы	Қазандық орналасқан жері (мекен-жайы)	Орнату күні

2.2 Орнатылған арматура туралы мәліметтер

Атауы	Саны	МСТ, ТУ	Шартты өту жолы	Шартты қысым МПа (кгс/см ²)	Орнатылған орын

2.3 Қоректендіргіш құралдар туралы мәліметтер

Атауы	Түрі	Саны	Параметрлері		Келтіру түрі (булы, электрлі)
			Номиналды берілуі, м ³ /ч	Қысым, МПа (кгс/см ²)	

2.4 Су дайындайтын жабдық туралы мәліметтер

Атауы	Саны	Техникалық сипаттамасы

Благодарим Вас за покупку котла производства фирмы «Буран Бойлер»

СОДЕРЖАНИЕ

1. Техническое описание	28
1.1 Назначение	28
2. Технические характеристики	28
2.1 Устройство котла	29
2.1.2 Горелка и её устройство	29
2.1.3 Панель управления котлом	30
3. Монтаж котла	31
4. Инструкция по эксплуатации	33
4.1 Подготовка котла к эксплуатации	33
4.1.1 Топливо	33
4.1.2 Включение и запуск котла	33
4.2 Эксплуатация котла	34
4.2.1 Что следует соблюдать при эксплуатации котла	34
4.3 Уход за котлом	35
4.3.1 Ежедневный уход	35
4.3.2 Чистка котла	35
4.3.3 Чистка горелки	35
4.3.4 Проверка работы предохранительной сборки	36
5. Определение и устранение неисправностей	37
6. Гарантийные обязательства	41
7. Гарантийный талон	45
8. Схема электрических соединений котла	46
Приложение - Акт выполненных пуско-наладочных работ	51

1. ТЕХНИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ

1.1 НАЗНАЧЕНИЕ

Котел водогрейный автоматизированный (далее по тексту - котел) на газообразном топливе с дистанционным управлением предназначен для автономного отопления и горячего водоснабжения промышленных и гражданских объектов.

Котел представляет собой сложное техническое изделие, соответствующее противопожарным, санитарным и экологическим требованиям, предъявляемым к подобному типу продукции.

Внимательно изучите настоящую инструкцию и соблюдайте изложенные в ней правила эксплуатации. Это в значительной степени будет гарантировать его многолетнюю безотказную и безопасную работу.

Изготовитель оставляет за собой право вносить изменения в конструкцию котлов без предварительного предупреждения потребителей.

2.ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Наименование показателя и единицы измерения	Модель котла			
	КВа 20 Гн (BB 150 GA)	КВа 23 Гн (BB 200 GA)	КВа 35Гн (BB 300 GA)	КВа 47 Гн (BB 400 GA)
Теплопроизводительность, кВт (ккал/час),* • по отоплению, • в том числе по ГВС	17,4 (15000) 16,3 (14000)	23,0 (20000) 21,0 (18000)	35,0 (30000) 32,5 (28000)	47,0 (40000) 43,0 (37000)
Вид топлива и теплотворная способность топлива	1) Газ горючий природный промышленного и коммунально-бытового назначения, ГОСТ 5542-2014; 2) Газ сжиженный углеводородный топливный для коммунально-бытового назначения, ГОСТ 20448-2018 (при наличии газгольдера); ** При использовании сжиженного газа – поставка горелки осуществляется по спец. заказу. Предупреждение! Запрещается использовать сжиженный газ в баллонах!			
КПД, %, не менее	90			
Температура уходящих газов, °С	До 220			
Теплоноситель	Вода ГОСТ 2874-82, антифриз ГОСТ 28084-89			
Максимальное рабочее давление теплоносителя, кгс/см ²	3,5			
Максимальная температура теплоносителя на выходе из котла, °С	85			
Аэродинамическое сопротивление при мах. мощности, мбар	0,7	0,7	0,7	0,9
Гидравлическое сопротивление при мах. мощности, мбар	10	10	10	15
Производительность по ГВС, л/мин, при Δt =35°С	10	10	12	13
Максимальный расход газа** горелочным устройством по форсунке, нм ³ /час	1,93	2,57	3,85	5,1
Давление подачи газа, мм вод.ст. / mbar	150 ÷ 250 / 15 ÷ 25			
Параметры электросети	220±10%B ; 50±0,5%Гц			
Макс. потребляемая мощность по эл.сети, Вт	165	175	195	195
Габаритные размеры, мм	377x580 x899(h)	390x580 x899	440x640 x899	500x720 x950
Масса, кг	70	96	108	128
Подсоединения Ду, мм	По отоплению	25	25	32
	По ГВС	15	15	15
Диаметр газохода, мм	76	76	76	108
Объем котла, л, не более	30	30	40	45

Наименование показателя и единицы измерения	Модель котла			
	КВа 20 Гн (ВВ 150 GA)	КВа 23 Гн (ВВ 200 GA)	КВа 35Гн (ВВ 300 GA)	КВа 47 Гн (ВВ 400 GA)
Удельный выброс оксида углерода (СО) в сухих неразбавленных продуктах сгорания, мг/м ³ (ГОСТ 20548-93), не более	120			
Удельный выброс оксидов азота (в пересчете на NO ₂ [NO _x]) в сухих неразбавленных продуктах сгорания, мг/м ³ (ГОСТ 20548-93), не более	240			

* Теплопроизводительность котла при подборе должна быть не менее суммы требуемых значений теплопроизводительности по отоплению и ГВС.

** Расход газа определен при низшей теплотворной способности природного газа = 8000 ккал/нм³, величина нм³ (нормальный метр куб.) - взята при условии: давление = 760 мм ртутного столба, при температуре =20°С и влажности равной 0.

2.1 УСТРОЙСТВО КОТЛА


Котел (рис.1) состоит из:

1. Собственно корпуса котла;
 2. Горелочного устройства;
 3. Панели управления;
 4. Декоративного корпуса;
- пульта дистанционного управления см. п. 2.1.4



Рис.1

2.1.2 ГОРЕЛКА И ЕЁ УСТРОЙСТВО




1. Регулятор давления газа
2. Электрод ионизации
3. Запальное устройство
